

Р. Бейсетаев

б.ғ.к. Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар орталығы
Қарағанды, Қазақстан (e-mail: beisetayev@mail.ru)

**Ұлттық тұтастық және Ахмет Ясауи іліміндегі жастарға рухани
тәрбие мен білім беру мәселесі**

Андатпа

Мақалада Ахмет Ясауидің сопылық ілімі және оның негізінде Түрік қоғамында ұлттық тұтастықтың қалыптасуы мәселесі қарастырылды. Сопылық мәдениетке сай, қазақ елінде ұлттық тұтастық ұғымы исламдық сыйпатта қалыптасты. Осыған орай, Түрік елінде рухани бірлік пен ұлттық тұтастықтың жергілікті халықтардың дәстүрлі Тәңірлік дүниетанымының, наным-сенімінің, салт-дәстүрінің, рухани-материалдық құндылықтарының Исламдық сәйкес ұғымдармен үйлесіммен құрылуы баяндалды. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі көшпелі түрік қауымын білім мен имандылыққа шақыру арқылы түрік халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Ғұламаның сопылық ілімі мен мәдениеті арқылы көп ұлтты Түрік қоғамында діни-рухани бірлік пен ұлттық тұтастық қалыптасты. Автор мақалада жоғарыда айтқанымыздай, жастарға Ахмет Ясауидің сопылық ілімінің түрік жұртында рухани бірлік пен ұлттық тұтастықты қалыптастыруы туралы ақпарат беруді мақсат еткен.

Кілт сөздер: ислам діні, Қожа Ахмет Ясауи, сопылық ілім, Тәңірлік дүниетаным, ұлттық дәстүр, рухани біртектілік, ұлттық тұтастық

R. Beisetayev

Candidate of Biological Sciences, Center for Occupational Health and Occupational Diseases, Karagandy, Kazakhstan (e-mail: beisetayev@mail.ru)

**National Integrity and the Problem of Education and Youth Education
in the Teaching of Ahmet Yasawi**

Abstract

The article considers the teachings of Ahmet Yasawi and the problem of the establishment of national integrity in the Turkic society on the basis of his teachings of Sufism. In accordance with the culture of Sufism, the concept of the national integrity of the Islamic sense was formed in the country. In this regard, the work describes the creation in the Turkic country of spiritual unity and national integrity through the harmony of the Tengrian worldview, national traditions, as well as spiritual and material values of local peoples with the corresponding Islamic concepts. The Sufi teachings of Khoja Ahmet Yasawi made significant changes in the culture of the Turkic people thanks to the invitation of the Turkic community of nomads to education and morality. Thanks to the Sufi teachings and culture of Gulama, a multi-ethnic Turkic society has formed a religious and spiritual unity and national unity. As mentioned above, the author seeks to inform youth about the teachings of Sufism of Ahmet Yasawi about the formation of spiritual unity and national unity in Turkic society.

Keywords: islam, Khoja Ahmet Yasawi, the teachings of sufism, tengrian worldview, national traditions, spiritual homogeneity, national integrity

Қазақстанда әрбір дін – ислам, православие, католицизм, протестанттық діни ілім, иудаизм, буддизм, т.б. – жоғары рухани құндылық. Ал, кез келген дінді ұстанатын қазақстандық – ол тең құқылы азамат, біртұтас азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі. Елімізде этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты әрі оңтайлы моделі қалыптасты. Нәтижесінде, Қазақстанды отаным деп санайтын, қандай дінге немесе этномәдениетке жататынына қарамастан, түрлі діни сенімдегі халықтар еліміздің жалпыұлттық бірлігі мен келісін – біртұтас «Қазақстан халқын» қалыптастырды. Бұл – тарихи шындық, және бұл – тәуелсіздік алғаннан бері қол жеткізген басты жетістігіміз.

Кез келген елде адам ақыл иесі ретінде белгілі бір қоғамда өмір сүруге, саналы тәрбие мен сапалы білім алуға құқылы. Кеңес заманында ауылдық жерде «отбасы мен мектеп» бір-бірімен байланыссыз әрі бала тәрбиесіндегі қызметтері дараланған ұғым ретінде қаралды. Мысалы, «Жас баланы жеті жасқа дейін ата-ана, ал одан кейін мектеп тәрбиелейді» деген ұғым толық қалыптасты. Нәтижесінде, бала тәрбиесіндегі кемшілікті ата-ана мектептен көріп, ал мектеп – отбасы тәрбиесінің олқылығы деп түсінді.

Сол кеңес заманында қалалық жерде балаларға тәрбие мен білім беруді толығымен «балабақша мен мектеп» атқарды. Ал, олар социалистік идеологияға сай мақсатты түрде біртекті коммунистік тәрбие берді. Бұл жерде «бұратана» халықтың ұлттық дүниетанымы мен менталитеті мүлде ескерілмеді. Ата-ана мен бала көзқарасында алшақтық пайда болды, кей кезде бір-бірін ұқпады. Нәтижесі – «бұратана» ұлт азаматтарының көпшілігі өзінің ана тілінде дұрыс сөйлей алмады, ал бір бөлігі таза мәңгүрттенді.

Бүгінгі күні Қазақстанның болашағы, Елдің ертеңі, ұлт ұрпағының алдағы уақытта саналы ғұмыр кешуі, мемлекеттің тыныштығы мен қауіпсіздігі, қоғамның рухани тұтастығы сондай-ақ жеке азаматтардың ұлтжандылығы мәселесі ешкімді бей-жай қалдырмайды. Бұлар туралы зиялы азаматтарымыздың сан бағытта әрі сан түрлі идеологиялық тұрғыдан айтып, аянбай жазып жүрген ұлттық мәселелерін оқығанда, оларға баса көңіл бөлмесек болмайтындығы түсінікті болады. Олай дейтініміз, біздің қоғам өтпелі кезеңде өмір сүріп отыр. Бұл – болашағымыз туралы толғаныс. Өткеніміз бен болашақтың арасын қандай рухани күшпен жалғаймыз, болмысымызды қалай сақтап қаламыз?! Осының бәрі – мызғымас «рухани бірлік пен ұлттық тұтастық» мәселесі.

Қазақстан Республикасының дамуы барысында білім беру саласының басты міндеті – дүниетанымы кең, ұлттық менталитеті мен көзқарасы толық қалыптасқан, ғылым мен білім, техникалық жаңалық саласындағы әрекетке бейім жас мамандар дайындау. Бабаларымыздың сөйлеу тіл байлығы, оның дыбысталу заңдылығы, ұлттық мәдениет пен дүниетанымның ерекшеліктері халық жадында толық сақталған.

Осыны ескере отырып, елімізде тарихи демократиялық жаңа қоғам құру барысында жоғарыда аталған әлеуметтік қарама-қайшылықтарды ұлттық рухани құндылықтарымызды жаңғырту және қолдану нәтижесінде түбегейлі шешуге болатынына көзіміз жетті. Кез келген қоғамда «ұлттық тәрбие» – жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру – әр заманда өзекті мәселе.

Сондықтан, біздің осы еңбекті жазудағы басты мақсатымыз жастарға Ахмет Ясауидің өзінің сопылық ілімінде түрік жұртында рухани бірлік пен ұлттық тұтастықты қалыптастыруы туралы ақпарат беру.

Қазақ философиясында көне Түріктердің ғарыштық түсінігі бойынша әлемді жаратқан, жер бетіндегі барлық жанды мен жансыздың тағдырына иелік ететін құдай – Тәңір. Көк Тәңірі ұғымының терең философиялық және рухани-әлеуметтік мәні бар. Жастар Жаратылысты тануға, өз халқының тарихын терең білу мен сыйлауға, ата-бабаны құрмет тұтуға тәрбиеленді. Түріктердің түсінігіне сай, ұлы абыз бабаларымыз халықты Көк Тәңірімен жалғастырушы деп саналды және олар ел құрметіне ие болды.

Исламның негізгі ақиқаты – бір «Құдайға» ғана табыну. Ислам дінінің басты мақсаты – татулыққа, бірлікке үндеу. Жеке адамның өмір сүруі мен саналылығы да Ислам дінінің басты назарында болды. Отандық (түріктік) діни-сопылық ғылымның бастауында, дамуында және қазақтың ислам дінін қабылдау барысында ұлттың көнеден басталатын материалдық және рухани мәдениетін, отбасы ғұрпын дәстүрлі түріктік негізде сақтап қалыптастыруда басты тұлға – ғұлама Қожа Ахмет Ясауи [1; 2]. Ясауи туралы қазақ энциклопедиялары жазды [3; 4]. Қожа Ахмет Ясауидің философиясы туралы Ә. Нысанбаев [5], Д.Кенжетәев [6; 7; 8, 47-53-б.; 9, 179-184-б.], З. Жандарбек [10], Ж.Алтаев [11], Б.М.Аташ, Н.Б.Маханова [12, 93-99-б.] жан-жақты зерттеу жүргізді. Ахмет Ясауи мұрасындағы рухани ұғымдар туралы А.Мейірманов [13, 34-43-б.], М.Мырзабеков [14, 36-40-б.] жазды. Қожа

Ахмет Ясауидің сопылық мәдениетінің ұлт тұтастығы, ұлттық тәрбие мен білім берудегі ролі туралы М.С.Орынбеков [15], Ж.Б.Ошақбаева [16, 79-87-б.], Р.Бейсетаев, А.Жакин [17, 140-152-б.] зерттеу жүргізді. Ахмет Ясауиге арналған мәдени мұралар туралы Ә.Қ.Муминов, Б.Қорғанбек, т.б. [18], Д.Мұстапаева [19] және Р.Насыров [20] ғылыми еңбек жазды.

Қожа Ахмет Ясауи барша ғұмырын түрік жұртының тұтастығы мен имандылығына сарп еткен ұстаз – рухани көсем. Ол – түрік/қазақ халқының байырғы рухани мәдениетін сақтап байытуға айрықша еңбек еткен, барша түрік әлемін бір рухани арнаға тоғыстырған көсем, кеменгер философ.

Ахмет Ясауи 1102 (жаңаша 1103) мешін жылы Түркістан өңіріндегі Сайрам (Исфиджаб) кентінде өмірге келіп, – 1186 мешін жылы Түркістан (Ясы) қаласында 84 мүшелі жастан аса өмірден озған.

Қожа Ахмет Ясауидің ата-тегі - қожа әулеті. Әкесі Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим, Исфиджаб жерінде құрметке бөленген әулие адам болған. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана).

Ахмет Ясауи Түркістан қаласында жерленіп, Хазірет Сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Әмір Темір көреген күмбез орнатты. Бұл туралы жергілікті халықта мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Сонда Әмір Темірдің түсіне Қызыр баба еніп, ол алдымен Ахметтің ұстазы Арыстанбабқа мазар тұрғызу туралы аян беріпті. Әмір Темір Қызыр бабаның айтқанын орындап, содан кейін өзі ойлаған жұмысына кірісіпті».

Сол заманда Исфиджаб кентінде исламдық фикһ (құқық) мектебі ханафи мазхабының өкілдері өмір сүріпті. Ясауи ілімі осы саяси-әлеуметтік, тарихи шарттарға байланысты қалыптасты. Жас Ахметтің ұстаздарының басы – Арыстан баб, әкесі Шейх Ибраһимнің жақын ағасы. Кашифи "Рашахат-ул айн-ил хайат" атты еңбегінде Қожа Ахмет Ясауидің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімінің сыры мен мәнін үйренгендігі әрі оған 16 жасқа толғанша оған қызмет еткендігі туралы мәлімет береді.

Ахмет Ясауидің бізге жеткен басты шығармасы – сопылық мәдениетін жыр еткен «Диуани хикмет» (хикмет – жинақ, кітап) [1; 2]. Аталмыш шығарма көне түрік тілінде жазылып, алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Кейін Ыстанбұл, Қазан, Ташкент қалаларында қайыра басылды. Солардың бірі Тыныштықұлының 1901 жылы Қазанда қазаққа арналып шығарған нұсқасы. Ұстаз қазақша

төрт тармақты өлеңмен жазылған шығармасында өзінің бала күнінен бастап, пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын баяндайды. Бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшілігін, жасаған қиянатын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын түсіндіреді. Қазақтың (жалпы, түріктердің) ертедегі дәстүрлі көне мәдениетіне, тарихы мен әдебиетіне, этнографиясы мен экономикасына қатысты көптеген бағалы дерек берген. Ахмет Ясауи хикметі түрік-мұсылман әлеміне кең таралып, Ахмет Ясауише хикмет жазу дәстүрге айналды. Айтулы шәкірттері Қажы Бекташ, Жүніс Әмре және Сүлеймен Бақырғани жазған хикметтерінен Қожа Ахмет Ясауи үлгісі анық байқалды.

Ахмет Ясауи Құран Кәрімдегі тылсым сырды ұқты. Қазақтың рухани жандүниесін, рухын Ислам нұрымен байытты. Өзінің саналы ғұмырын сол тылсым сырды түрік әлеміне уағыздауға, жастарды тәрбиелеуге арнады. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде жастар тәрбиесінде бірінші орында "Білім" тұр. Ол өз хикметінде "Білімнің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май" болсын дейді. Ол адам баласы шындықтан бейхабар болса, ол өз негізінен алшақтай бастайтындығын айтады. Адам баласына осы ақиқатты ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп білді. Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін тура айтады. «Өмірдің қуанышынан қайғы-қасіреті көбірек, сол себепті ол Құдайға деген сенімін кемітпей, қайта оның шарапатына, кешірімділігіне нық сенгені дұрыс» [1, 272-б.]. Сонымен қатар, Ұлы ұстаз жастар тәрбиесінде: адам – шағын ғарыш болса, ал рух, бүкіл әлем, болмыс – тұтас ғарыш, деп түсіндірді.

Ахмет Ясауидің атқарған басты рухани қызметі – түріктің көне Тәңірлік наным-сенім жүйесі мен жаңа Ислам діні арасында үйлесім тауып, оларды он екі таспа қамшы өріміндей кіріктіру болды. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, дүниетанымы исламдық қағидамен біте қайнады. Нәтижесінде, түрік әлемі үшін Тәңір мен Алла егіз ұғымға айналды. Ахмет Ясауи сопылық ілімнің негізін қалаушының басы болып, оны түрік халықтары пір тұтты.

Ислам дінінде «сопылық» деп Алланың дидарына ғашық болуды, Оны «жаннан тәтті» сүю айтылады. Сопылық – адам кемелденуінің сатылары.

Сопылық (тасаууф, араб. – التصوف) ілім – қазақтың діні мен дәстүрінде қастерлі саналатын ортағасырлық діни-рухани ұғым. Ол діни термин ретінде Жаратушыны тану әрі Оған жақын болу

мақсатында нәпсіні тәрбиелейтін, мінез-құлықты көркейтетін, адамның ішкі жандүниесін рухани кемелденуге бастайтын жол немесе методология. Сопылық – ислам дінінің үш ұстынының бірі – ихсан мәселесімен айналысатын ілім. Ихсан – сопылық дүниетанымда ең жоғары құлдық мақам. Алланы көрмесең де көріп тұрғандай құлдық ету.

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт арнайы басқыштан өтуі керек дейді: олар – шариғат, тариқат, мағрифат, хақиқат.

Біріншісі – шариғат. Шариғат – ислам діні ілімінің қағидалары мен шарттарының жинағы. Діни терминологияда шариғат – дін, сол діннің өзі. Бұл саты оларды терең меңгеріп және тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі құдайға құлшылық жасауды талап етеді.

Екіншісі – тариқат. Тариқат – Исламда ақиқатқа жетудің мистикалық, танымдық жолы. Тариқаттың терминдік мағынасы – жол, Жаратушының мағрифатына жеткізуге ниеттенген адамның парасатты-рухани кемелдену жолы. Бұл басқыш сопылық ілімнің моральдық-этикалық жүйесін, идеясын, мұрат-мақсатын тануға, толық меңгеруге жетелейтін жол әрі методология. Тариқат, негізінен, белгілі бір мықты сопылық ілімнің негізінде құрылады.

Үшіншісі – мағрифат. Мағрифат – негізінен дін жолын танып және оқып білу. Бұл сатының негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі «бір Алла» екенін танып-білу, түсіну.

Төртіншісі – хақиқат. Хақиқат (ақиқат) – Алланы танып білу және оған жақындау. Бұл - Алланы танудағы ең жоғарғы басқыш.

Ясауи іліміне сай, Исламда шариғат үлкен жол, ал Тариқат жалғыз аяқ жол дегенді білдіреді. Тариқат – хақ пен ақиқатқа жету жолындағы діндегі арнаулы жол, түсінік деген сөз. Сопылықты ұстанатын адам әуелі шариғат ілімін жақсы меңгеруі тиіс. Түркі әлемі шейхы Ахмет Ясауидің хикметтері адамды тазалыққа, адалдыққа, қанағатқа, қиянат жасамауға, кісі ақысын жемеуге үндейді. Қожа Ахмет «Мир’ат ул-қулуб» (Жүректердің айнасы) атты еңбегінде алдымен шариғатты, одан кейін ғана тариқат, мағрифат және ақиқат деп сопылық жолының мәртебелерін сатылап көрсетті.

Әрбір басқыштың өз тұғыры бар. Ол туралы Ахмет Ясауи 32 хикметінде былай айтқан:

Өтті ғұмырым, шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым.

Ақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым,
Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар.

Қожа Ахмет Ясауи тағы бір хикметінде (66 хикметте) былай дейді:

Шариғаттың шапанын кимейінше,
Тариқаттың пырағына мінбейінше,
Ой әлеміне беріліп батпайынша,
Хақиқаттың майданына кіріп болмас.

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық іліміне сай: «шариғатсыз → тариқат», «тариқатсыз→мағрифат», «мағрифатсыз→хақиқат» болуы мүмкін емес. Демек, олардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш. Аллаға жақындау және оны тану сопылық дүниетанымның «шариғат», «тариқат», «мағрифат», «хақиқат» категорияларының ретті тізбегі нәтижесінде жүзеге асады.

Ортағасырлық Қожа Ахмет Ясауи ілімінде сопылық жолға түскен адам сөзі мен ісінде шариғаттың әмірін орындайтын әрі тыйымымен тыйылатын, Жаратушының тағдырына бойұсынған жан. Шынайы сопы – шариғатта ұнамсыз және тыйым салынған істерден бойын алшақ ұстайтын тақуа адам. Сондықтан сопы адам шариғатты, фикһ ілімдерін жете меңгеріп, исламдағы әдеп нормаларын бұлжытпай орындайтын әрі тақуа адам.

Қожа Ахмет Ясауи Аллаға (Хаққа) жету жолында міндетті түрде осы төрт асудан мүдірмей өтуі керек, деп пікір айтады. Ғалымның айтуына сай, Хаққа жету жолындағы әрбір асудың он-оннан мақамы (тоқтамы) бар. Демек, осы төрт асудың қырық мақамын игерген пенде ғана «жабарут» (адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік), «мәләкут» (өмірдің мән-мағынасына қанық болу), «лахут» (бұл жалғаннан безіп, о дүниенің рухани әлемін меңгеру), «насут» (жоғарыда аталған үш өлшемнің басын қосып тұрған күш) деп аталатын рухани дүниенің сырын ұғуға мүмкіндік алады.

«Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адами қасиеттерге жетелейтін күдіретті күш, айқын бағдарлама деуімізге болады. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның «ішкі жандүниесінің тазалығымен» өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиетін ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы, сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды.

Ал, имандылық дегеніміз Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Қожа Ахмет Ясауидің айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді болу, және өзгелерге жанашырлықпен қарау. Диуани хикметте адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шартының бірі екенін оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің саналуан теріс ой-пиғылдан, жаман ниеттен таза болуын талдап, адамды Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады [1; 2].

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі көшпелі түрік қауымын білім мен имандылыққа шақыру арқылы түрік халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Дәстүрлі түрік дүниетанымының негізі сыршылдық (мистика) дін болса, сопылық танымның түрік мұсылмандығының ең басты ерекшелігін қалыптастыруда өзіндік тәсілі бар. Кез келген жаңа діннің таралуы табиғи құбылыс: ескі ұстындар толық жойылмайды, ал жаңалары халық санасында бұрынғы түсінік, ұғым, құндылық негізінде өз орнын алады. Екінші сөзбен айтқанда, мистикалық діни құндылықтар сәйкес жаңа ұғымдармен тұтасып, "халық діндарлығы" болып өмірін жалғастырды. Рухани дәстүр сабақтастығы сақталды. Бұл табиғи құбылысты Ахмет Ясауидің сопылық ілімі көрсетті.

«Құранда жақсы мен жаман, арам мен адал жолдың негізгі ұстанымдары мен этикалық негіздері қамтылған. Суфи өзінің бойында осы моральдық құндылықтарды сомдау, хәлін өзгерту, жақсыға ұмтылу, ізгіліктің өзіне оралу мақсатында өзінің рухын үнемі бақылап отырады. Ал оны бақылаудың өлшемі де Құран. Өйткені, өзінді-өзін бақылау және "сырттан бақылау" екеуі бірінсіз бірі болмайтын шарттың екі компоненті. Жүрек өзінің ақыл, жан және мен сыйпаттары арқылы әлемдегі болып жатқан өзгерістер мен үндестік құра алатын дәрежеге жетуге ұмтылады. Бұл әрекет толығымен моральдық-практикалық жаттығу арқылы мүмкін болатын нәрсе» [6, 97-б.].

Қожа Ахмет Ясауидің баса мән беріп, қатты әшкерелеген тақырыбы – надандық. Оның ұғымында, надандық - бүкіл жауыздық, зұлымдықтың қайнар көзі. Арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек пен әділетсіздік содан табылады, деп түсіндіреді. Ол өз хикметінде надандыққа тәрбие-білім мен даналықты қарсы қойып отырады. Содан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсіруге бар ынтасы мен ықыласын жұмсайды. Тіпті өз ойын жинақтай келе: «Наданмен бірге

өткізген уақыттың өзі дозақпен тең» [1], – деп, олармен бірге жүруге де, жолға шығуға да қарсы тұрады. Ясауи «жалған молда» залымдарды сынап, «Хал ілімін» үйренуге шақырады.

Құранда имандылық адамгершіліктің негізгі көзі әрі тұтқасы ретінде түсіндірілген. Иmandылықтан туатын құндылықтарды ар-ұят, намыс, әділдік, турашылдық, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, ата-анаға құрмет, мейірімділік, отансүйгіштік, қанағатшылдық, тазалық махаббат, адамды сүю, деп тізіп, жалпы парасат (фазилат) құндылықтарына, ал имансыздықтан туатын зұлымдық, жалғандық, екіжүзділік, опасыздық, менмендік, риякерлік, қорқақтық сияқты барлық жаман қылықты масқаралық (разилат) сыйпатына жатқызып, адамның бұлардан аулақ болуын қатты ескертеді.

Ахмет Ясауи бір Аллаға деген қалтқысыз сенім-нанымның ақыры оған жан-тәнімен берілген шын сүйіспендікке, ғашықтыққа ұласуын қалайды. Ол: «Егер адам тек сырттан ғана құдайшыл болып, іштен басқа пейілде болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады», деп түсіндіреді. «Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа (жәһілдікке) ұрындырады», деп тұжырым жасайды.

Ахмет Ясауи Құдайға беріліп құлшылық етушілерді «жалған ғашықтар», «шын ғашықтар» деп жүйелейді. Жалған ғашықтары, жоғарыда айтылғандай, екі жүзді аярлар, надандар делінсе, шын ғашықтар Алла жолына жан-тәнімен берілген даналар деп сипатталады. Ахмет Ясауи осының бәрін екі әлемнің (ол дүние мен бұл дүниенің) сыр-сыйпаты тұрғысынан түсіндіреді.

Құранда адам ең жоғарғы мақамда жаратылғаны айтылған. Ол нәпсінің зынданына түсіп, төрдегі басын есікке сүйреп, «ең төменгі дәрежеге дейін құлдилап, моральдық азғындауға берілсе, онда залым, жоюшы, қан төгуші, қиянатшыл, ашкөз, арамтамақ, сараң, надан» екендігі сыналып, олардан қашуға, жиіркенуге үндейді. Құдайдың адамға қояр талабы – оның көркем құлықты, жамандыққа қарсы, жақсылыққа жаршы болуы. Жаратушының шынайы құлы болу үшін, адам ең алдымен өз болмысымен тұтастықта болып, содан кейін қоршаған әлеммен үйлесім құруы тиіс. Осы үйлесімді адам бойында қамтамасыз ету үшін құдай Құран арқылы оған құндылықтар жүйесін ұсынады. Бұл құндылықтар адамгершілік пен парасаттылықты қалыптастырудың негізгі қалыбы – тезі.

Ахмет Ясауи адамның өмірде алатын орнын оның ішкі жандүниесінің тазалығымен өлшейді. Ол рухани тазалық пен кемелдікті мақсат етіп, жан тазалығы, ар тазалығы, жүрек тазалығы қағидаларын бірінші орынға қойды. Ясауи өз ілімін қоғамды тәрбиелеуші, түзетуші ар ілімі ретінде түсіндірді. Қазақ халқы да «Жаным – арымның садағасы», «Жарлы болсаң да арлы бол» деп бұл ғылымды жан-жүрегімен қабылдаған. Сондықтан, ғұлама Ахмет Ясауи хикметі – қазақ (жалпы, түрік) әлемінің тәрбиелік құралы.

Ахмет Ясауи ілімі жергілікті халықтың наным-сеніміне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалап, сопылық ағымның түріктік дәстүріне даңғыл жол салды. "Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады", делінген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын түріктің әдеби тілінде сөйлетті [2].

Ахмет Ясауи түрік қауымына Қасиетті кітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шарифаттың қыр-сырын, дін қағидаларын ана тілінде терең таныту мақсатында хикметін жергілікті халықтың жандүниесіне жақын айшықты өлең жолымен жазды. Түрік тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың бір үлгісін жасап, бұл тілдің көркем шығарма тудыру мүмкіндігінің мол екендігін әлемге дәлелдеп берді.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі ағартушылыққа, ғылым-білімге шақырады. «Адамды ақиқатқа жеткізетін бірден-бір жол – ғылым жолы» деп жазған. Ясауи еңбектерінде ғылымға ұмтылу, надандықтан қашу мәселелері жиі көтеріледі, шынайы ғалымдар ерекше құрметтеледі. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Ақыл – азбайтын тон, білім – таусылмайтын кен», «Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді», деп мақалдаған ұлтымыздың ұстанымдары да Ясауи мәдениетінің жемісі.

Ахмет Ясауи көшпелі түрік халқының ағайындық, бауырмалдық – тұтастық сезімдерін басты орынға қоятын ізгі дүниетанымын, туыстық қатынастарға негізделген рулық-тайпалық құрылымын аса құрмет тұтқан. «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңіледі» де осыдан болса керек. Қожа Ахмет Ясауи сопылық ілімінің осындай ерекшеліктері жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ қауымындағы әйел мен қыздарды хиджаб пен пәренжі киюден қорғауға себеп болды.

Ахмет Ясауи өз ілімінде қазақы «қонақжайлық дәстүр» адамды рухани кемелдікке бастайтын ерекше дәстүр, деп санады. Ясауи ілімін таратушылар барған жерінде «суфра тұту», қонаққа «дастарқан жаю»

дәстүрін ұстаған. Көпшілікке, келімді-кетімді жолаушыларға арнап жайылған дастарқан басындағы сұхбатқа рухани ілім иесі – Қызыр келіп қатысады деп саналған. Қазақ халқының «Қонақ келсе, Қыдыр келеді», «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген мақалдары осы дәстүрден туындаған.

Ясауи ілімінде «Халыққа қызмет ету – Хаққа қызмет ету» деген ұғым бар. Бұл қағида қоғамға адал қызмет етуді насихаттайды, ұлтжандылыққа, елді сүйуге, бауырмалдық пен жанашырлыққа, өзара құрмет пен сыйластыққа тәрбиелейді. Осы бір ұлағатты қағида туысқа қол ұшын беруге қашанда құлшынып тұратын біздің халқымыздың болмысына сіңген деуге болады.

Осындай қағидалар арқылы Ясауи ілімі халықтың болмысына сіңіп, қазақ дүниетанымының, ұлт менталитетінің негізіне айналды. Дұрысы, Ясауи өз ілімі арқылы тарих тереңінен бастау алатын ұлт құндылықтарын ислами сүзгіден өткізіп берді. Біз Ясауи ілімін ұлтымыздың рухани тарихының тағылымды тәжірибесі ретінде қабылдауға тиіспіз. Қазақ халқы ислам діні аясында мұсылман болып қалыптасса, қазақы исламның бітім-болмысы, қазақ мұсылмандығы Ясауи ілімі арқылы қалыптасты.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және ондағы жәдігерлер адамзат қолынан шыққан ортағасырлық сәулет және бейнелеу өнерінің ғажайып туындысы. Мазар ертеден келе жатқан жергілікті құрылыс дәстүрін сол заманның озық жетістіктерімен үндестіре салынған. Көнеден жеткен материалдық-рухани жергілікті құндылықтарды исламдық мән-мазмұнмен байытып, барша әлемге паш етіп тұрған нысанға айналды. Нәтижесінде рухани дәстүр сабақтастығы тарихи құрылыс ескерткіштерінде айқын сақталды.

Әмір Темір көрегеннің шеберлерді жаулап алған елдерден алып келгені және Әмір Темірдің кесене жобасына өзі тікелей қатысқаны белгілі. Көптеген елдің шеберлері Әмір Темірдің қоластында жиналып, ұлтына қарамастан жасаған туындылары түріктік жергілікті құндылықтарға, рәміздік белгілерге, архетиптерге негізделген. Ахмет Ясауи рухани ілімнің құдіреті сонда, ол сан ғасырлық рухани құндылықтарды жаңғыртып, жаңа Исламдық мәнге толтырып, шеберлерді де осы ортақ мақсатқа жұмылдырды. Ұсталар түрлі ұлттың өкілдері болса да, өздерінің кәсіби шеберліктерін сопылық іліммен байытып, жалпыадамзаттық рухани мәні бар туынды жасап шығарды.

Ахмет Ясауи кесенесіндегі «Қолхат» грамотада жаңа біткен ғимарат туралы Әмір Темір көрегендікпен: «Ешқашан да, қандай

болған жағдайда да сатуға, жекеменшік секілді ұрпақтан-ұрпаққа уақытша немесе түбегейлі біреуге беруге болмайтынын қатты ескерткен», деп жазылған.

Барша түрік халқының діни-рухани өмірінде есімі ең жиі еске алынатын, ілімі ең көп зерттеу нысанына алынатын оқымысты – Қожа Ахмет Ясауи. Бұлай деп айтуымызда философиялық-танымдық негіз бар: Ахмет Ясауи түріктің көрнекті ақынының бірі ғана емес, ол – түріктің сопылық тариқатын қалыптастырушы әрі түріктің сопылық поэзиясының негізін салушы.

Кез келген ұлттың немесе мемлекеттің болашағы өзін-өзі қорғай білуіне байланысты. Бұл туралы Ә. Бөкейхановтың: «Бөтен кісі қазаққа ешқандай жақсылық артып әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды», деген сөзі шындық. Ал мұның өзі сол тілде ғасырлар бойы жасалынған ұлттық рухани құндылықтар бойына сіңген адамның ғана қолынан келетін ұлттық патриотизмге байланысты. Ұлттық тілде ұлттық тәрбие алмаған адам өз ұлтына қызмет ете алмайды: қиын-қыстау кездерде ұлтына қорған болып, ол үшін отқа күйіп, суға түсетін патриот бола алмайды. Демек, ұлт атаулының тағдыры тіл мен дін мәселесіне және соған сүйенген рухани құндылықтарына тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында кез келген қоғамда әлеуметтік құрылым айтарлықтай өзгеріске түсті. Ұлттар мен этностар өзара саяси-экономикалық қарым-қатынас барысында бір-біріне рухани ықпал ету арқылы дамып отыр. Осыған байланысты этнос пен ұлт, таным мен дін, ұлттық тәрбие мен білім мәселелері этнология, этнография, әлеуметтану және философия ғылымының өзекті зерттеу тақырыбына айналып отыр.

Ахмет Ясауи туралы оның атақты шәкіртінің бірі Сүлеймен Бақырғани:

Қараса Қағба көрінген,
Жүзіне нұры төгілген.
Дүние ілімі үйірілген,
Шейхым Ахмет Ясауи, – деп жырлады.

Дәстүрлі түрік дүниетанымының негізі сыршылдық (мистика – жұмбақ) екенін ескеріп, сопылық танымның түрік мұсылмандығының ең маңызды ерекшелігін қалыптастыру тәсілін ұғамыз. Қай заманда болмасын, адамзат баласының алдына қойған басты мақсатының бірі – ұлттық дәстүрді сақтау, рухани-материалдық құндылықтарды қадірлеу. Ясауидің сопылық іліміне сай, қазақтың Ислам дінін қабылдауы

барысында ескі түріктік ұстындар толық жойылмайды, ал ислами жаңа ұстындар сәйкес құндылық, түсінік, ұғымдармен үндесіп, өздерінің үйлесімді орнын тапты.

Түрік халықтары ислам дінін қабылдау барысында Қожа Ахмет Ясауи өзінің сопылық ілімін халқымыздың көнеден бастау алатын дүниетанымын, түсінігін, материалдық-рухани мәдениетін, дәстүрін, отбасы ғұрпын жалпы түріктік негізді сақтап қалыптастыруы шешуші фактор болды. Ахмет Ясауи ілімінің құдіреті сонда, ол санғасырлық мәдени-рухани құндылықтарды толық жоймай, қайта жаңғыртып, Исламдық мән-мағынамен толтырды. Түрік жұрты өзінің дәстүрлі мәдени және рухани тамырының үзілмегеніне көзі жетіп, Ислам дінін толық қабылдады. Қожа Ахмет Ясауи жалпытүріктік дүниетанымдық және мәдени кеңістіктегі ішкі тұтастықты қалыптастырып, исламдық құндылықтарға негізделген философиялық-этикалық сопылық мәдениет – қазақы сопылық философия құрды.

Ахмет Ясауи өзінің сопылық ілімінде «қазақ халқының дүниетанымы, менталитеті, мәдениеті және дәстүрі ұлы Дала табиғатына, ондағы көшпелі түріктің өмір салтына сай қалыптасқанын және дамығанын» негізге алды. Бұл – қазақтың ұлттық тұтастығының негізі болды. Сонымен қоса, Ахмет Ясауи: «Нағыз мұсылман – ол бірге табактас болып отырған адамдардың дініне, тегіне мән бермейтін адам», – деп өшпес ұлағатты анықтама берді. Бұл – түрік қоғамының рухани бірлігінің негізі болды. Сондықтан, Ясауи ілімін ұлттық тұтастығымыздың рухани тағылымы деп түсінуіміз керек.

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі мен мәдениеті арқылы көп ұлтты Түрік қоғамында діни-рухани бірлік пен ұлттық тұтастық қалыптасты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық мәдениеті ортағасырлық қазақ жерінде Ислам дінін қабылдау барысында түрік халықтарының талғамы мен уақыт талабына сай келген рухани құбылыс болды. Ұстаз Құран Кәрімдегі тылсым сырды ұқты. Қазақтың рухани жандүниесін, оның рухын Ислам нұрымен байытты. Түрік қоғамында Тәңірлік дүниетаным, наным-сенім, салт-дәстүр және материалдық құндылықтар жойылмады. Олар Исламдық жаңа сыйпат алып, қайта жаңғырды. Нәтижесінде, Қазақ жерінде діни-рухани бірлік пен ұлттық тұтастық қалыптасып, бүгінгі күнге жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иасауи Қ.А. Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. – Алматы: Жалын, 2002. – 272 б.
2. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. /Ауд. Ж.Әбдірашев. – Шымкент, 1993. – 109 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6 том (Қ-Н). /Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 696 б.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2010. – 592 б.
5. Нысанбаев Ә. Қожа Ахмет Иассауидің дүниетанымы мен философиясы /Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 136 б.
6. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. – Түркістан: [б. и.], 2004. – 341 б.
7. Кенжетасев Д.Т. Қожа Ахмет Иасауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. //Док. дисс. – Алматы, 2007. – 259 б.
8. Кенжетасев Д. Исламдағы діни таным және оның ерекшеліктері //Ясауи әлемі. Түркістан: – 2011. – № 3-4 (8). – Б. 47-53.
9. Кенжетай Д. Ясауиді танудың кейбір проблемалары. //Ясауи әлемі. Түркістан: – 2009. № 1 (1). – Б. 179-184.
10. Жандарбек З. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.
11. Алтаев Ж. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі. Қазақ философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 220 б.
12. Аташ Б.М., Маханова Н.Б. Қазақтың көркемдік-эстетикалық танымы //Ұлттық тәрбие. – 2013. – № 6 (20). – Б. 93-99.
13. Мейірманов А. Қожа Ахмет Ясауи мұрасының көркемдік рәміздік мазмұны. //Адам әлемі. – 2012. – № 4 (54). – Б. 34-43.
14. Мырзабеков М. Суфизмнің моральдік-этикалық философиясы //Ясауи әлемі. Түркістан: 2010, № 1. – Б. 36-40.
15. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. Алматы: «Арқаим», 2001. 252 б. - ISBN 9965-603-02-2.
16. Ошақбаева Ж.Б. Ясауи шығармашылығы дәстүрлі қазақ дүниетанымының негізі. //Ясауи әлемі. Түркістан. – 2011. – № 3-4. – Б. 79-87.
17. Бейсетаев Р., Жакин А. Иман және Ясауи іліміндегі жастарды имандылыққа тәрбиелеу мәселесі. //Ясауи әлемі: – 2009. № 1 (1). – Б. 140-152.
18. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. /Құраст.: Ә.Қ. Муминов, Б. Қорғанбек, С.Моллақанағатұлы және т.б. – Алматы, 2009. – 200 б.
19. Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті тайқазан. – Алматы: Арыс, 2008. – 200 б.
20. Түркістан: Фотоальбом /Құраст. Р.Насыров. – Алматы: Өнер, 1993. – 200 б.

REFERENCES

1. Iasaýı Q.A. Hikmet Haziret Sultan Qoja Ahmet Iasaýı. –Almaty: Jalyn, 2002. –272 b.
2. Iasaýı Qoja Ahmet. Danalyq kitaby. /Aýd. J.Ábdirashev. – Shymkent, 1993. – 109 b.
3. Qazaqstan. Ulttyq entsiklopediya. 6 tom (Q-N). /Bas red. B. Aıaǵan. – Almaty: Qazaq entsiklopediasy, 2004. – 696 b.
4. Islam. Entsiklopedialyq anyqtamalyq. Almaty: "Arýna Ltd." JShS, 2010. – 592 b.
5. Nysanbaev Ə. Qoja Ahmet Iassaýıdiń dúnietanymy men filosofiasy /Qazaq dalasynyń oishyldary (IH-HII ǵǵ.). – Almaty: Ǵylym, 1995. – 136 b.
6. Kenjetaı D. Qoja Ahmet Iasaýı dúnietanymy. – Túrkiстан: [b. ı.], 2004. – 341 b.
7. Kenjetaev D.T. Qoja Ahmet Iasaýı filosofiasy jáne onyń túrki dúnietanymy tarihyndaǵy orny. //Dok. diss. – Almaty, 2007. – 259 b.
8. Kenjetaev D. Islamdaǵy dini tanym jáne onyń erekshelikleri //Iasaýı álemi. Túrkiстан: – 2011. – № 3-4 (8). – B. 47-53.
9. Kenjetaı D. Iasaýıdi tanýdyń keıbir problemalary. //Iasaýı álemi. Túrkiстан: – 2009. № 1 (1). – B. 179-184.
10. Jandarbek Z. Nasab-nama nusqalary jáne túrki tarihy. – Almaty: Daik-Press, 2002. – 168 b.
11. Altaev J. Qoja Ahmet Iasaýıdiń sopylyq ilimi. Qazaq filosofiasy. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2017. – 220 b.
12. Atash B.M., Mahanova N.B. Qazaqtyń kórkemdik-estetikalyq tanymy //Ulttyq tárbiye. – 2013. – № 6 (20). – B. 93-99.
13. Meirmanov A. Qoja Ahmet Iasaýı murasynyń kórkemdik ráemizdik mazmuny. //Adam álemi. – 2012. – № 4 (54). – B. 34-43.
14. Myrzabekov M. Sýfizmiń moraldik-etikalyq filosofiasy //Iasaýı álemi. Túrkiстан: 2010, № 1. – B. 36-40.
15. Orynbekov M.S. Dýhovnye osnovy konsolidatsii kazahov. Almaty: «Arkaim», 2001. 252 b. - ISBN 9965-603-02-2.
16. Oshaqbaeva J.B. Iasaýı shyǵarmashylyǵy dástúrli qazaq dúnietanymynyń negizi. //Iasaýı álemi. Túrkiстан. – 2011. – № 3-4. – B. 79-87.
17. Beisetaev R., Jakın A. Iman jáne Iasaýı ilimindegi jastardy imandylyqqa tárbielý máselesi. //Iasaýı álemi: – 2009. № 1 (1). – B. 140-152.
18. Qoja Ahmet Iasaýı kesenesi. /Qurast.: Ə.Q. Mýminov, B. Qorǵanbek, S.Mollaqaǵatuly jáne t.b. – Almaty, 2009. – 200 b.
19. Mustapaeva D. Asyl mura – qasietti tarqazan. – Almaty: Arys, 2008. – 200 b.
20. Túrkiстан: Fotoalbum /Qurast. R.Nasyrov. – Almaty: Óner, 1993. – 200 b.

Özet

Bu makalede Hoca Ahmet Yesevi'nin öğretileri ile Türk toplumunda tasavvufi gelenek temelinde ulusal bütünlük oluşumu ele alınmaktadır. Tasavvuf kültürüne uygun olarak Kazak yurdunda İslami anlayışın ulusal bütünlüğü kavramı oluşturuldu. Bu bağlamda çalışma, Tengrian dünya görüşünün uyumu, milli geleneklerin yanı sıra yerel halkların manevi ve maddi değerlerinin ilgili İslami kavramlarla uyumu yoluyla Türk manevi birliği ve ulusal bütünlüğün oluşumu anlatılmaktadır. Hoca Ahmet Yesevi'nin tasavvufi öğretileri, göçebe Türk topluluklarının eğitim ve ahlaka davet edilmesiyle Türk halkının kültüründe önemli değişiklikler meydana getirmiştir. Tasavvuf öğretileri sayesinde çok etnik gruptan oluşan bir Türk toplumu dini, manevi ve milli birliği oluşturdu. Yukarıda bahsedildiği üzere yazar, gençleri Hoca Ahmet Yesevi'nin tasavvuf öğretilerinin Türk toplumunda milli ve manevi birliğin oluşumunda katkıları hakkında bilgilendirmeye çalışmaktadır.

Anahtar Kelimeler: İslam, Hoca Ahmet Yesevi, tasavvuf öğretileri, İslam dünya görüşü, milli ve manevi bütünlük

(R. Beiysetayev, Milli Birlik ve Eğitim Sorunu; Hoca Ahmet Yesevi Öğretilerinde Gençliğin Eğitimi)

Аннотация

В статье рассмотрены учения Ходжи Ахмета Ясави и проблема становления национальной целостности в Тюркском обществе на основе его учения суфизма. В соответствии культуре суфизма, в стране сформировалось понятие национальной целостности Исламского толка. В связи с этим, в работе описаны создание в Тюркской стране духовного единства и национальной целостности путем гармонии Тенгрианского мировоззрения, национальных традиций, а также духовных и материальных ценностей местных народов с соответствующими Исламскими понятиями. Суфийское учение Ходжи Ахмета Ясави внесло значительные изменения в культуру тюркского народа благодаря приглашению тюркской общины кочевников к образованию и нравственности. Благодаря суфийскому учению и культуре ученого, многоэтническое тюркское общество сформировало религиозно-духовное и национальное единство. Как уже упоминалось выше, автор ставит своей целью проинформировать молодежь об учении суфизма Ахмета Ясави, о формировании духовного и национального единства в тюркском обществе.

Ключевые слова: ислам, Ходжа Ахмед Ясави, суфийское учение, исламское мировоззрение, национальные традиции, духовное единство, национальное единство
(Р. Бейсетаев Национальная целостность и проблема воспитания и образования молодежи в учении Ахмета Ясави)